

Қазақ дүниетанымы

2014 жылдың 28 қазан С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің гуманитарлық факультетінде философия кафедрасының ұйымдастыруымен «Қазақ дүниетанымы: қыз, әйел ананың қазақ қоғамындағы ролі» атты дөңгелек үстел отырысы өткізілді.

Аталған іс-шараға танымал қазақ батыры Балуан Шолақтың немересі Айбат апай, сонымен қатар университет басшылығы, оқытушылар, студенттер мен БАҚ өкілдері қатысты.

Іс-шара барысында ана туралы, әйел адамның қазіргі қоғамдағы рөліне қатысты сұрақтар талқыланды.

Сондай-ақ, дөңгелек үстелде қазақ қоғамындағы әйелдің бейнесі, осы күнгі әйел, әйелдің отбасындағы дәрежесі, сонымен қатар қазақ қоғамын дамытудағы әйелдің рөлі сияқты сұрақтар қарастырылды.

Іс-шара барысында ұлттық дәстүр мен ұрпақ сабақтастығы негізінде қызбалаларды тәрбиелеуге шақыратын видеоматериал көрсетілді.

